

Паллиативтік көмекті және мейірбике күтімін көрсету қағидаларын бекіту туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы № 168 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 27 сәуірде № 10803 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 23 қарашадағы № ҚР ДСМ-199/2020 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 23.11.2020 № ҚР ДСМ-199/2020 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілед) бұйрығымен.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 53-бабының 3-тармағының, 7-бабының 1-тармағының 99-тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған паллиативтік көмек және мейірбике күтімін көрсету қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күннің ішінде мерзімдік баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдануын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі А.В. Цойға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Т. Дүйсенова

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің

Паллиативтік көмек және мейіргерлік күтім көрсету қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 04.05.2019 № ҚР ДСМ-62 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Паллиативтік көмек және мейіргерлік күтім көрсету қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексі 53-бабының 3-тармағына (бұдан әрі - Кодекс) сәйкес әзірленген және медициналық ұйымдардың паллиативтік көмек және мейіргерлік күтім көрсету тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) білікті медициналық көмек - диагностика, емдеу және медициналық оңалтудың мамандандырылған әдістерін, оның ішінде телемедицина құралдарын пайдалануды талап етпейтін ауруларда жоғары медициналық білімі бар медициналық қызметкермен көрсетілетін медициналық көмек;

2) дәрігерге дейінгі көмек - аурулардың алдын алу мақсатында, сондай-ақ дәрігердің қатысуымен диагностика, емдеу және медициналық оңалту әдістерін пайдалануды талап етпейтін, орта медициналық білімі бар медициналық қызметкермен көрсетілетін медициналық көмек;

3) денсаулық сақтау ұйымы - денсаулық сақтау саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

4) мамандандырылған медициналық көмек - диагностика, емдеу және медициналық оңалтуда, оның ішінде телемедицина құралдарын пайдалану арқылы арнайы әдістерді талап ететін ауруларда бейінді мамандармен көрсетілетін медициналық көмек;

5) медициналық қызметтер - денсаулық сақтау субъектілерінің нақты адамға қатысты профилактикалық, диагностикалық, емдеу, оңалту немесе паллиативтік бағыты бар іс-қимыл;

6) медициналық ұйым - негізгі қызметі медициналық көмек көрсету болып табылатын денсаулық сақтау ұйымы;

7) мейіргер күтімі - дәрігер байқауы талап етілмейтін жағдайларда ауыр аурулары бар күтімге мұқтаж адамдарға орта медицина қызметкерлері көрсететін медициналық қызметтер кешені;

8) паллиативтік көмек - терминалды (соңғы) сатыдағы емделмейтін аурулары бар пациенттердің өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған медициналық көрсетілетін қызметтер кешені;

9) стационарды алмастыратын көмек - білікті, мамандандырылған, оның ішінде медициналық байқаумен, жоғары технологиялық медициналық қызметтерді қолдану арқылы дәрігерге дейінгі медициналық көмек ұсыну нысаны;

10) стационарлық көмек - білікті, мамандандырылған, оның ішінде тәулік бойы медициналық байқаумен, жоғары технологиялық медициналық қызметтерді қолдану арқылы дәрігерге дейінгі медициналық көмек ұсыну нысаны.

3. Паллиативтік көмек пен мейіргерлік күтім "Халықтың паллиативтік көмек және мейірбике күтімі көрсетілуі тиіс санаттарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 96 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10576 болып тіркелген) бекітілген тізбеге сәйкес халықтың санаттарына тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде, сондай-ақ ақылы негізде көрсетіледі.

4. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберіндегі (Бұдан әрі - ТМККК) паллиативтік көмек осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес тізбеге сәйкес аурулар мен жағдайларда көрсетіледі.

ТМККК шеңберіндегі мейіргерлік күтім осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес тізбеге сәйкес аурулар мен жағдайларда көрсетіледі.

Емдеу бекітілген негізгі аурулары бойынша клиникалық хаттамаларға сәйкес осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес тізбеге сәйкес паллиативтік көмек пен мейіргерлік күтім қызметтерін ұсыну арқылы жүргізіледі.

5. Паллиативтік көмек пен мейіргерлік күтім көрсету бойынша қызметтер Кодекстің 35-бабына сәйкес ақылы түрде ұсынылады.

6. Паллиативтік көмек және мейіргерлік күтімді қажет ететін пациенттердің тізімдері медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсететін ұйымдар қалыптастырады және есеп берудің бірыңғай нүктесі "Емхана" автоматтандырылған ақпараттық жүйеге енгізіледі, осының негізінде паллиативтік көмек және мейіргерлік күтімді алатын пациенттердің тізбесі қалыптасады.

2-тарау. Паллиативтік көмек көрсету тәртібі

7. Паллиативтік көмек дәрігерге дейінгі, білікті және мамандандырылған медициналық көмекті қамтиды және амбулаториялық-емханалық стационарды

алмастыратын мен стационарлық көмек нысанында көрсетудің барлық кезеңдерінде сабақтастықты және байқау үздіксіздігі қағидаттарын сақтай отыра көрсетіледі.

8. Амбулаториялық-емханалық деңгейдегі паллиативтік көмекті "Алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсету қағидаларын және Азаматтарды алғашқы медициналық-санитариялық көмек ұйымдарына бекіту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 281 бұйрығындағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11268 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 23 шілдеде жарияланған) аумақтық қағидат бойынша алғашқы медициналық-санитариялық және консультациялық-диагностикалық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары көрсетеді.

9. Стационарды алмастыратын нысандағы паллиативтік көмек құрамында паллиативтік көмек бөлімшелері (төсектер) бар амбулаториялық-емханалық ұйымдарының, ауруханалық ұйымдардың күндізгі стационарларында, дербес мамандандырылған медициналық ұйымдарда (хоспистер) "Стационарды алмастыратын көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 17 тамыздағы № 669 бұйрығына (бұдан әрі - № 669 бұйрық) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12106 болып тіркелген) сәйкес жүргізіледі.

10. Стационарлық көмек нысанындағы паллиативтік көмек мамандандырылған төсектерде, мамандандырылған палаталарда және стационарлық көмек көрсететін және мамандандырылған медициналық/медициналық әлеуметтік ұйымдарда (хоспистерде) "Стационарлық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 29 қыркүйектегі № 761 бұйрығына (бұдан әрі - № 761 бұйрық) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12106 болып тіркелген) сәйкес жүргізіледі.

11. Паллиативтік көмек көрсететін ұйымдарға емдеуге жатқызу үшін мыналар көрсетілімдер болып табылады:

1) науқасты кейіннен амбулаториялық жағдайда емдеуге ауыстыру үшін қолдаушы, ауырсындырмау терапиясын таңдау қажеттілігі;

2) тәуліктік бақылау жағдайында ауырсындырмау терапиясын түзеу;

3) тәуліктік бақылау жағдайында симптоматикалық емдеу қажеттігі;

4) әлеуметтік-психологиялық айғақтардың болуы (депрессия жағдайы, реактивті жағдай немесе отбасындағы дау-жанжал жағдайы, науқастың күтімі үшін тұрмыс жағдайларының болмауы).

12. Пациентті стационарға жоспарлы және шұғыл түрде емдеуге жатқызу № 761 бұйрыққа сәйкес жүзеге асырылады.

3-тарау. Мейіргерлік күтім көрсету тәртібі

13. Мейіргерлік күтім стационарды алмастыратын және стационарлық көмек түрінде ұсынылады.

14. Стационарды алмастыратын көмек түріндегі мейіргерлік күтім № 669 бұйрыққа сәйкес бекітілген жері бойынша амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін үйдегі стационар нысанында ұсынылады.

Мейіргерлік күтімді қажет ететін науқастарға зертханалық зерттеулер жүргізу үшін материалдар жинау үйде жүзеге асырылады. Аспаптық зерттеу әдістері тұрақты жері бойынша амбулаториялық-емханалық ұйымда көрсетілімдері бойынша жүргізіледі.

15. Стационарлық көмек түріндегі мейіргерлік күтім арнайы құрылымдық бөлімшелерде, денсаулық сақтау ұйымдарының (бөлімшелерде, палаталарда, төсектерде), № 761 бұйрыққа сәйкес арнайы медициналық ұйымдарда (мейіргерлік күтім ауруханаларында) ұсынылады.

16. Мейіргерлік күтімді қажет ететін науқастарды емдеуге жатқызу үшін көрсетілімдер:

1) тәулік бойы байқау жағдайларында күтім мен симптоматикалық терапияның қажеттілігі;

2) әлеуметтік-психологиялық көрсетілімдерінің болуы (депрессиялық жағдай, реактивтік жағдай, отбасындағы дау-жанжал жағдайы, науқасты күту үшін тұрмыстық жағдайлардың болмауы) болып табылады.

Білікті медициналық көмекті және тұрақты дәрігерлік байқауды талап ететін пациенттер мейіргерлік күтім ауруханасына, бөлімшесіне (палатасына) емдеуге жатқызуға жатпайды.

17. Мейіргерлік күтім көрсететін медициналық ұйымға пациентті емделуге жатқызу жоспарлы және (немесе) № 761 бұйрыққа сәйкес шұғыл тәртіпте жүзеге асырылады.

Паллиативтік көмек және
мейіргерлік күтім көрсету
қағидаларына
1-қосымша

Паллиативтік көмек көрсетілетін аурулардың тізбесі

Ересектер			

№	Аурулар класы	Нозологиялық нысандары	ХАЖ 1 0 коды	Нақтылау коды
1.	Инфекциялық ауру	АИТВ инфекция	B20- B24	Z51.5 - Паллиативтік көмек
		Туберкулез	A15- A19	Z51.5 - Паллиативтік көмек
2.	Ісіктер	Қатерлі ісіктер	C00- C97	Z51.5 - Паллиативтік көмек
3.	Эндокринді жүйе ауруы, тамақ бұзушылығы және зат алмасуының бұзылуы	1-типті инсулинге тәуелді қан диабеті	E10	Z51.5 - Паллиативтік көмек
		2-типті инсулинге тәуелсіз қан диабеті	E11	
4.	Жүйке жүйесі аурулары	Паркинсон ауруы	G20	Z51.5 - Паллиативтік көмек
		Альцгеймер ауруы	G30	
		Нерв жүйесінің басқа айдарларда жіктелмеген дегенерациялық басқа аурулары	G31	
		Паралитикалық синдромы	G81-83	
		Басқа жүйесінің зақымдануы (энцефалопатия)	G92- G93	
5.	Қан айналымы жүйесінің аурулары	Өкпе-жүрек функциялары жеткіліксіздігінің басқа түрлері	I27	Z51.5 - Паллиативтік көмек
		Жүрек функциясының жеткіліксіздігі	I50	
		Ми-тамыр ауруларының салдарлары	I69	
6.	Тыныс алу ағзаларының аурулары	Өкпенің созылмалы басқа обструкциялық ауруы	J44	Z51.5 - Паллиативтік көмек
		Өкпекаптың басқа айдарларда жіктелмеген жалқығы	J90	
		Өкпекаптың басқа айдарларда жіктелген жағдайлар	J91	
		Тыныс алу функциясының басқа айдарларда жіктелмеген жеткіліксіздігі	J96	
7.	Ас қорыту ағзаларының аурулары	Бауырдың уыттық зақымдануы	K71.7	Z51.5 - Паллиативтік көмек
		Бауыр қызметінің басқа айдарларда жіктелмеген жеткіліксіздігі	K72	
		Бауыр фиброзы және циррозы	K74	
8.	Несеп жүйесі аурулары	Бүйрек қызметінің созылмалы жеткіліксіздігі	N18	Z51.5 - Паллиативтік көмек
		Бүйрек қызметінің анықталмаған жеткіліксіздігі	N19	

9.	Жарақаттар	Бастың жарақаты	S00- S79	Z51.5 - Паллиативтік көмек
Балалар				
№	Аурулар класы	Нозологиялық нысандары	ХАЖ 1 0 коды	Нақтылау коды
1.	Инфекциялық ауру	АИТВ инфекция	B20- B24	Z51.5 - Паллиативтік көмек
		Туберкулез	A15- A19	Z51.5 - Паллиативтік көмек
2.	Ісіктер	Қатерлі ісіктер	C00- C97	Z51.5 - Паллиативтік көмек
3.	Эндокринді жүйе ауруы, тағам бұзушылығы және зат алмасуының бұзылуы	1-типті инсулинге тәуелді қан диабеті	E10	Z51.5 - Паллиативтік көмек
		2-типті инсулинге тәуелсіз қан диабеті	E11	
		Галактоза алмасуының бұзылуы	E74.2	
		Басқа сфинголипидоздар	E75.2	
		Мукополисахаридоз	E76.0 E76.1 E76.2	
		Жылауықты фиброз	E84.0 E84.1 E84.8 E84.9	
		Класикалық фенилкетонурия	E70.0	
		Гипофиз гиперфункциясы	E22	
		Гипофиз гиперфункциясы мен басқа бұзылулар	E23	
		4.	Жүйке жүйесі аурулары	
Орталық нерв жүйесін басымырақ зақымдайтын жүйелік атрофиялар	G10- G14			
Нерв жүйесінің басқа дегенерациялық аурулары	G30- G32			
Орталық нерв жүйесінің миелинсіздендіруші аурулары	G35- G37			
Бұлшық еттердің алғашқы зақымданулары	G71			
Церебралды паралич	G80			
		Жүректің созылмалы ревматикалық ауруы	I05-I09	
		Жүрек функциясының жеткіліксіздігі	I50	
		Кардиомиопатия	I42	
		Мидың торлы қабығы астына қан құйылу	I60	

5. Қан айналымы жүйесінің аурулары	Мидың ішіне қан құйылуы	I61	Z51.5 - Паллиативтік көмек
	Бас сүйек ішіне жарақаттық емес басқаша қан	I62	
	Ми инфаргі	I63	
	Қан құйылу немесе инфаркт ретінде анықталмаған миға қан құйылу	I64	
	Қақпалық венаның тромбозы	I81	
Тыныс алу ағзаларының аурулары	Тыныс алу функциясының басқа айдарларда жіктелмеген жеткіліксіздігі	J96	Z51.5 - Паллиативтік көмек
Ас қорыту ағзаларының аурулары	Жұқпалы емес энтерит пен колит	K50-52	Z51.5 - Паллиативтік көмек
	Бауыр қызметінің басқа айдарларда жіктелмеген жеткіліксіздігі	K72	
	Бауыр фиброзы және циррозы	K74	
Сүйек-бұлшық ет жүйесі және дәнекерлік тіндер аурулары	Дәнекер тіннің жүйелік зақымданулары	M30- M36	Z51.5 - Паллиативтік көмек
Несеп жүйесі аурулары	Бүйрек жеткіліздігі	N18- N19	Z51.5 - Паллиативтік көмек
Перинаталдық кезеңде туындаған жекелеген жағдай	Нәрестенің туғандағы салмағының өте аздығы	P07	Z51.5 - Паллиативтік көмек
Туа біткен ауытқулар, деформациялар мен хромосомалық бұзылулар	Жүйке жүйесі дамуындағы туа біткен ақаулар	Q00- Q07	Z51.5 - Паллиативтік көмек
	Қан айналым жүйесінің туа біткен ауытқулары	Q20- Q28	
	Туа біткен ихтиоз	Q80	
	Нейрофиброматоз	Q85.0	

Паллиативтік көмек және мейіргерлік күтім көрсету қағидаларына 2-қосымша

Мейіргерлік күтім көрсету үшін аурулар тізбесі

№	Аурулар класы	Нозологиялық нысандары	ХАЖ 10 коды	Нақтылау коды
1.	Жүйке жүйесі аурулары	Паркинсон ауруы	G20	Z51.5 - Паллиативтік көмек
		Альцгеймер ауруы	G30	
		Нерв жүйесінің басқа дегенерациялық аурулары	G31	
		Церебралдық паралич ауруы мен басқа параличтік синдромдар	G81- 83	
		Нерв жүйесінің басқа бұзылулары (энцефалопатия)	G92- G93	

2.	Эндокринді жүйе ауруы, тамақтанудың бұзылулары және зат алмасуының бұзылуы	1- типті инсулинге тәуелді қан диабеті	E10	Z51.5 - Паллиативтік көмек
		2- типті инсулинге тәуелсіз қан диабеті	E11	
3.	Қан айналымы жүйесінің аурулары	Өкпе-жүрек функциялары жеткіліксіздігінің басқа пішіндері	I27	Z51.5 - Паллиативтік көмек
		Жүрек функциясының жеткіліксіздігі	I50	
		Ми-тамырлық аурулардың салдарлары	I69	
4.	Тыныс алу ағзаларының аурулары	Өкпенің созылмалы басқа обструкциялық ауруы	J44	Z51.5 - Паллиативтік көмек
		Өкпеқаптың басқа айдарларда жіктелмеген жалқығы	J90	
		Өкпеқаптың басқа айдарларда жіктелген жағдайлар барысындағы жалқығы	J91	
		Өкпеқаптың басқа айдарларда жіктелген жағдайлар барысындағы жалқығы	J96	
5.	Ас қорыту ағзаларының аурулары	Бауырдың бауыр фиброзы мен беріштенуі қабаттасқан уыттық зақымдануы	K71.7	Z51.5 - Паллиативтік көмек
		Бауыр қызметінің басқа айдарларда жіктелмеген жеткіліксіздігі	K72	
		Бауыр фиброзы және циррозы	K74	
6.	Несеп жүйесі аурулары	Бүйрек қызметінің созылмалы жеткіліксіздігі	N18	Z51.5 - Паллиативтік көмек
		Бүйрек қызметінің анықталмаған жеткіліксіздігі	N19	
7.	Жарақаттар	Бастың жарақаты	S00-S79	Z51.5 - Паллиативтік көмек

Паллиативтік көмек және мейіргерлік күтім көрсету қағидаларына 3-қосымша

Паллиативтік көмек және мейіргерлік күтім қызметтерінің тізбесі

Қызметтердің коды	Дәрігер көрсететін қызметтер
A.02.001.000	Терапевтің консультациясы (тексеру)
A.02.002.000	Педиатрдың консультациясы (тексеру)
A.02.018.000	Невропатологтың консультациясы (тексеру)
A02.015.000	Кардиологтың консультациясы (тексеру)
A.02.044.000	Фтизиатрдың консультациясы (тексеру)

A.02.013.000	Хирургтің консультациясы (тексеру)
D.54.910.426	Лапароцентез
D.54.910.427	Плевроцентез
D.54.910.428	Трахестомия
D.54.910.429	Назогастральды сүңгіні орнату
D.54.910.430	Несеп катетрін орнату
Қызметтердің коды	Орта медицина қызметкері көрсететін қызметтер
D93.891.019	Науқас балаға күтім жасауды үйрету
D93.891.022	Қатты сырқат пациенттің шашын, тырнақтарын күту, қырындыру
D93.891.023	Қатты сырқат пациенттің ауыз қуысына күтім жасау
D93.891.024	Ауыз-жұтқыншақтан сілемейді сорып алу
D93.891.025	Оростомалар, эзофагостомалар кезіндегі құрал
D93.891.026	Трахеостома кезіндегі құрал
D93.891.027	Назогастральды сүңгіге, мұрын канюлялары және катетерлеріне күтім жасау
D93.891.028	Жоғары тыныс жолдарынан сілемейлерін сору
D93.891.029	Мұрыннан сілемейлер сору
D93.891.030	Фарингостома кезіндегі құрал
D93.891.031	Интраназальды дәрілік препараттарды енгізу
D93.891.032	Гастростома кезіндегі құрал
D93.891.033	Назогастральды сүңгіге күтім жасау
D93.891.034	Гастростома арқылы қатты сырқат пациентті тамақтандыру
D93.891.035	Илеостома кезіндегі құрал
D93.891.036	Интестинальды сүңгіге күтім жасау
D93.891.037	Интестинальды сүңгі арқылы қатты сырқат пациентті тамақтандыру
D93.891.038	Илеостомаға күтім жасауды үйрету
D93.891.039	Жуан ішек стомалары кезіндегі құрал
D93.891.040	Колостомоға күтім жасауды үйрету
D93.891.041	Қатты сырқат пациентті дефекациялау кезіндегі құрал
D93.891.042	Тазалау клизмасын қою
D93.891.043	Газ шығару түтікшесін қою
D93.891.044	Ккопролитті алып тастау
D93.891.045	Нәжіс ұстамау кезіндегі құрал
D93.891.046	Сифонды клизма қою
D93.891.047	Қынапты ұстап тұратын сақинаны (пессария) енгізу, алу
D93.891.048	Сыртқы есту өтісіне күтім жасау
D93.891.049	Қатты сырқат пациенттің көздеріне күтім жасау
D93.891.050	Конъюнктивтік қуысқа дәрілік заттарды инстиляциялау
D93.891.051	Қатты сырқат пациенттің несеп шығаруы кезіндегі құрал
D93.891.052	Несеп катетріне күтім жасау
D93.891.053	Цистостомоға және уростомоға күтім жасау
D93.891.054	Несеп ұстамау кезіндегі құрал

D93.891.055	Төсектегі қатты сырқат пациентті жатқызу және/немесе орналастыру
D93.891.057	Қатты сырқат пациенттің ауыз және/немесе назогастральды сүңгі арқылы тамақтандыру
D93.891.058	Қатты сырқат пациенттің төсек жаймасын ауыстыруға дайындау
D93.891.059	Қатты сырқат пациенттің киімін және іш кимін ауыстыру бойынша құрал
D93.891.060	Қатты сырқат пациенттің сыртқы жыныс және бұтаралық ағзаларына күтім жасау
D93.891.061	Дренажға күтім жасау
D93.891.062	Дәрілік препараттарды парентеральды енгізу кезіндегі құрал
D93.891.063	Жауыржараның даму қаупінің дәрежесін бағалау
D93.891.064	Жауыржараның ауырлық дәрежесін бағалау
D93.891.065	Ауырсынудың қарқындылығын бағалау
D93.891.066	Пациенттің отбасы мүшелерін төсекке жатқызу және орнын ауыстыру техникасына үйрету
D93.891.067	Пациентті төсекке және/немесе креслоға өз көмегімен орналасуға үйрету
D93.891.068	Пациентті балдақпен жүруге үйрету
D93.891.069	Пациентті қосымша тіректің көмегімен жүруге үйрету
D93.891.021	Тері қабықтарының тұтастығы бұзылғанда таңулар салу
Код	Психологтың қызметтері
A02.005.000	Консультациялық қабылдау: Психолог (психологиялық мәртебесін бағалау, психотерапиялық/психологиялық интервенциялар, психологиялық қолдау көрсету)
Код	Әлеуметтік қызметкердің қызметтері
A01.006.000	Жоғары білімі бар әлеуметтік қызметкердің консультациясы (қабылдау)
A01.007.000	Орта білімі бар әлеуметтік қызметкердің консультациясы (қабылдау)
A01.006.001	Медициналық-әлеуметтік зерттеп-қарауды ұйымдастырып, өткізу: Жоғары білімі бар әлеуметтік қызметкер
A01.007.001	Медициналық-әлеуметтік зерттеп-қарауды ұйымдастыруды өткізу: Орта білімі бар әлеуметтік қызметкер
A01.006.002	Үй жағдайларында жүргізілетін медициналық күтімнің негіздеріне пациенттің отбасы мүшелерін үйрету: Жоғары білімі бар әлеуметтік қызметкер
A01.007.002	Үй жағдайларында жүргізілетін медициналық күтімнің негіздеріне пациенттің отбасы мүшелерін үйрету: Орта білімі бар әлеуметтік қызметкер
6-тарау	Мобильды бригаданың шығуы
E01.006.000	Паллиативтік көмек көрсету кезінде мобильды бригаданың шығуы